



**Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 12 тамыздағы № 78 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 13 тамызда № 36613 болып тіркелді

"Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 33-2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны алғашқы ресми жариялағанынан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

*Қазақстан Республикасы*

*Премьер-Министрінің орынбасары –*

*С. Жумангарин*

*Ұлттық экономика министрі*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының

Өнеркәсіп және құрылыс  
министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасының  
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі  
2025 жылғы 12 тамыздағы  
№ 78 Бұйрықпен  
бекітілді

**Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 33-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидада келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны сатып алудың электрондық платформасы;

2) банктік қарыз шарты/қарыз шарты – екінші деңгейдегі банк/ "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы/ халықаралық қаржы ұйымы мен қарыз алушы арасында жасалатын, оның талаптары бойынша қарыз алушыға қарыз (кредит) берілетін жазбаша келісім;

3) екінші деңгейлі банк – банктік және өзге де операцияларды, оның ішінде банктік қарыз операцияларын жүргізуге тиісті лицензиясы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері;

4) жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі – облигацияларды ұстаушы

айқындайтын және қалыптастыратын және облигацияны орналастыру салдарынан Эмитент алған ақшаны пайдаланғаны үшін облигация ұстаушыға мерзімді негізде төленуге жататын купондық сыйақының пайызбен көрсетілген мөлшері;

5) Қазақстанның даму банкі – "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы, сондай-ақ "Қазақстанның даму банкі" акционерлік қоғамы құрылтай құжаттарына және уәкілетті орган бекітетін тізбеге сәйкес айқындалған оның үлестес лизингтік компаниясы;

6) қаржы агенті – "Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы" акционерлік қоғамы;

7) қаржы операторы – "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамы;

8) тарифтік реттеуші – табиғи монополияларды реттеу саласындағы уәкілетті орган;

9) қарыз алушы – ұлттық жобаның талаптарына сәйкес келетін энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және (немесе) салу жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін қарыз (кредит немесе облигациялық қаржыландыру) алатын табиғи монополия субъектісі;

10) қарыз алушыны субсидиялау – екінші деңгейлі банк және (немесе) халықаралық қаржы ұйымы және (немесе) Қазақстанның даму банкі акционерлік қоғамы қарызы (кредит)бойынша сыйақы ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін пайдаланылатын қарыз алушыны мемлекеттік қаржылық қолдау формасы;

11) қарыз беруші – ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік бағалы қағаздар шығаруды жүзеге асыратын және қарыз алушыға қарыз беретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың немесе астананың жергілікті атқарушы органы

12) қарыз (кредит) – энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба мен осы Ережеде айқындалған талаптарда жобаны іске асыру үшін қарыз алушыға банктік қарыз шарты/қарыз шарты негізінде екінші деңгейлі банк және (немесе) Қазақстанның даму банкі акционерлік қоғамы және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдары және (немесе) жергілікті атқарушы органдар беретін ақшалай қаражат;

13) облигациялық қаржыландыру – ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен қарыз беруші кейіннен қарыз алушыға беруге арналған ақшалай қаражат;

14) облигациялық қаржыландыру шеңберіндегі қарыз шарты – Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде қарыз беру, пайдалану, қызмет көрсету және өтеу

талаптарын айқындайтын қарыз беруші мен қарыз алушы арасында жасалған шарт;

15) облигациялар шығару бұйрығы – Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 140-бабының 5-тармағына сәйкес облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органының бағалы қағаздар шығару талаптарын, көлемін және нысаналы мақсатын айқындайтын құжат;

16) субсидиялауға арналған электрондық өтінім – ақпарат электрондық-цифрлық нысанда ұсынылған және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған қарызды (кредитті) субсидиялауға өтінім;

17) субсидия– табиғи монополия субъектілері қаржы агентіне көрсетілген қаражатты аудару арқылы алған қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара өтеу үшін, сондай-ақ Ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тиісті жергілікті атқарушы органға қаражат бөлу жолымен жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақыны өтеусіз және қайтарымсыз негізде ішінара өтеу үшін берілетін республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттің бюджеттік қаражаты;

18) техникалық оператор – энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаның тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы техникалық операторы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған, жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын заңды тұлға;

19) табиғи монополия субъектісі – тұтынушыларға реттеліп көрсетілетін қызметтерді ұсынатын жеке кәсіпкер немесе заңды тұлға;

20) төлемдер кестесі – негізгі қарызды, сыйақы сомасын, оның ішінде банктік қарыз шартының/қарыз шартының және қарыздар бойынша үлгі субсидиялау шартының/облигациялық қаржыландыру шеңберінде субсидиялау шартының ажырамас бөлігі болып табылатын субсидияланатын сыйақы сомасын өтеу жөніндегі төлемдер кестесі;

21) уәкілетті орган – тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган, жылу энергетикасы саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган және электр энергетикасы саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

22) Ұлттық жоба – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 1102 қаулысымен бекітілген "Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасы;

23) халықаралық қаржы ұйымдары – халықаралық қаржылық ынтымақтастықты дамытуға жәрдемдесу, экономикалық дамуды қолдау үшін қаржы ресурстарын ұсыну, сондай-ақ халықаралық қаржы операцияларына байланысты өзге де функцияларды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттер арасындағы халықаралық келісім негізінде құрылған ұйымдар;

24) құжаттардың электрондық пакеті – түпнұсқа құжаттың түрі мен ақпаратын (деректерін) толық қайталайтын электрондық-цифрлық нысандағы құжаттар, оның ішінде өтініш берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған құжаттар;

25) эмитент – облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органы;

26) энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша субсидиялау шарты – уәкілетті орган мен эмитент арасында жасалатын шарт, оның талаптары бойынша уәкілетті орган эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялайды;

27) энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау – облигациялық қаржыландыру шеңберінде Эмитент облигацияларды ұстаушыға төлейтін шығыстардың бір бөлігін өтеу;

28) табиғи монополия субъектілері энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шарты – энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу мақсаттары үшін екінші деңгейлі банк және (немесе) Қазақстанның даму банкі акционерлік қоғамы және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдарының табиғи монополия субъектілеріне беретін қарыздары (кредиттері) бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шарты, оның негізінде қарыз алушы алған қарыз (кредит) бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара өтеу үшін бюджет есебінен мерзімді субсидиялар төлемдері жүзеге асырылады;

29) электрондық цифрлық қолтаңба – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символ жиынтығы.

**2-тарау. Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополия субъектілері алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тәртібі**

**1-параграф. Субсидиялау тәртібі**

3. Ұлттық жобада және осы Қағидада көзделген талаптарда жобаларды қарыздар (кредиттер) есебінен іске асыратын қарыз алушылар субсидиялар алушы болып табылады.

4. Екінші деңгейдегі банктер және (немесе) халықаралық қаржы ұйымдары және (немесе) "Қазақстанның Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ), сондай-ақ "ҚДБ" АҚ құрылтай құжаттарына сәйкес айқындалған оның үлестес лизингтік компаниясы беретін субъектілердің қарыздары (кредиттері) бойынша пайыздық мөлшерлемелерді азайту үшін субсидия беріледі.

5. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ субсидиялау туралы шешім қабылданған күні қолданыста болатын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінің деңгейінен 4 (төрт) пайыздан аспайтын сыйақы мөлшерлемесі бойынша қарыздар береді.

6. Егер ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарызы (кредиті) бойынша пайыздық мөлшерлеме 10 (он) пайыздан асқан жағдайда айырма субсидиялар есебінен өтеледі.

7. Ұлттық жоба шеңберінде ЕДБ-де және (немесе) ХҚҰ-да және (немесе) "ҚДБ" АҚ-да қарыз алушы алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қаржы агенті арқылы республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8. Қарыз (кредит) бойынша 10 % мөлшерінде субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесін Қарыз алушы төлейді.

9. Субсидиялау республикалық бюджеттен осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ, қарыз алушы мен қаржы агенті арасында ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың үлгілік шартына (бұдан әрі – Қарыздарды субсидиялау шарты) сәйкес жүзеге асырылады.

10. Республикалық бюджеттен берілетін субсидиялардың жалпы көлемі тартылатын қарыз бойынша негізгі қарыз сомасынан аспауға тиіс.

11. Қарыз алушы үшін міндетті шарттар:

1) нысаналы мақсаты – ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жобаны қаржыландыру;

2) қарыз (кредит) валютасы-теңге;

3) субсидиялаудың ең ұзақ мерзімі – қоса алғанда 20 (жиырма) жылға дейін.

Бір жоба шеңберінде қарыздар бойынша бірнеше субсидиялау шарттары жасалған жағдайда, субсидиялаудың жалпы мерзімі қаржы агенті қарыздар бойынша бірінші субсидиялау шартына қол қойған күннен бастап белгіленеді.

Осы Қағида шеңберінде қаржыландырылатын жобамен тікелей байланысты емес мақсаттарға қарыз қаражатын жұмсауға жол берілмейді.

12. Субсидия құрылыс-монтаждау жұмыстарын төлеуге, жобаны басқару жөніндегі шығындарға, авторлық және техникалық қадағалау қызметіне және жоба бойынша жобалау-сметалық құжаттамада көзделген өзге де шығындарға жұмсалатын қарыздар бойынша сыйақыны өтеуге беріледі.

13. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыздар бойынша субсидиялау шартын жасасуға байланысты, төмендегілерді есптемегенде, қандай да бір комиссиялар, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер алмайды:

1) қарыз алушы бастамашылық жасайтын қарыздар бойынша кредит беру, кредиттік шарт, субсидиялау шарты талаптарының өзгеруіне байланысты жағдайлар;

2) қарыз алушының кредиттік шарт, қарыздар бойынша субсидиялау шарты бойынша міндеттемелерді бұзу себебі бойынша алынатын комиссиялар, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер;

3) қарыз алушыға есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету бойынша төлемдер;

4) тәуелсіз бағалауды, сақтандыруды жүргізуге, кепіл шартын тіркеуге және ауыртпалықтарды алуға байланысты.

Мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде сыйақы мөлшерлемесі арзандатылған энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуға және (немесе) салуға қарыз алушы бұрын алған қарыздар (кредиттер) субсидиялауға жатпайды.

#### **2-параграф. Субсидия беру тәртібі**

14. Қарыз алушы ЕДБ-ге және (немесе) ХҚҰ-ға және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға осы Қағида мен Ұлттық жобаның талаптарын сақтай отырып, жобаны іске асыру үшін ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ның ішкі құжаттарында бекітілген нысан бойынша қарыз (кредит) алуға өтінішпен жүгінеді.

15. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ішкі құжаттарына сәйкес жобаның қаржылық-экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізеді. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ оң бағалау берген шешім

қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушыға жобаны кредиттеуге әзірлігі және қарыз (кредит) бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау туралы Қаржы агентінің шешімін ұсыну қажеттілігі туралы жазбаша жауап береді.

16. Қарыз алушы субсидияны алу үшін осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес Қаржы агентінің электрондық құжатайналым жүйесіне интеграцияланатын ақпараттық жүйе арқылы субсидия алуға электрондық өтініш – сауалнама (бұдан әрі-электрондық өтініш) береді, оған осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес құжаттар тізбесі қоса беріледі.

17. Қарыз алушының электрондық өтініште құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуына жол берілмейді.

18. Қаржы агенті:

1) электрондық өтініш келіп түскен күні оны тіркеуді жүзеге асырады.

Қарыз алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, сондай-ақ демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, электрондық өтінішті қабылдау және тіркеу өтініштен кейінгі жұмыс күні Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) электрондық өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қарыз алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді;

3) электрондық өтініш келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттарды Ұлттық жоба мен осы Қағиданың талаптарына сәйкестігін қарайды.

19. Қарыз алушы ұсынған құжаттар толық болмаған жағдайда Қаржы агенті электрондық өтінішті қараудан, ақпараттық жүйе арқылы хабарлама жіберіп, бас тартады.

20. Қаржы агенті электрондық өтінішті қарау қорытындылары бойынша қарыз алушыға ақпараттық жүйе арқылы шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында қабылданған шешім туралы хабарлама – хат жібереді. Бір мезгілде қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қабылдаған шешімі туралы хабарлама-хат жолдайды. Қаржы агентінің шешімі қабылданған күннен бастап 6 (алты) ай бойы қолданыста болады.

21. Қаржы агентінің оң шешімі негізінде қарыздар бойынша субсидиялау шарты жасалады.

22. "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қарыздарды субсидиялау шартына ЭЦҚ көмегімен электрондық нысанда төмендегі жағдайларда қол қойылады:

1) ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ және қарыз алушы қабылданған шешім туралы қаржы агентінің хабарламасын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;

2) қаржы агенті 5 (бес) жұмыс күні ішінде қарыздар бойынша субсидиялау шартын алғаннан кейін;

Қаржы агентінің қарыздар бойынша субсидиялау шартына қосымша келісімдер, оның ішінде пысықтауға жіберілгендер осы тармақта белгіленген мерзімде жасалуы тиіс.

23. Қарыз алушылардың қарыздарын (кредиттерін) субсидиялау үшін республикалық бюджетте қаражат болмаған жағдайда, қарыздар бойынша субсидиялау шарты жасалмайды.

24. Қарыздарды субсидиялау шарты оған қарыз алушы, ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ және Қаржы агенті қол қойған күннен бастап күшіне енеді.

Субсидиялау мерзімінің басталуы Қарыздарды субсидиялау шартында көрсетіледі және оған Қаржы агенті қол қойған күннен бұрын белгіленбейді.

25. Осы Қағиданың 22-тармағында көзделген мерзімде қарыздарды субсидиялау шарты уақтылы жасалмаған жағдайда, ЕДБ және (немесе) МҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ мерзім аяқталған күннен кейінгі күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қаржы агентін кешіктіру себептерін түсіндіре отырып, ресми хатпен хабардар етеді.

26. Қаржы агенті төмендегі жағдайлар сәйкес келмегенде қарыздарды субсидиялау шартына қол қоюдан бас тартады:

1) қарыздарды субсидиялау шарты талаптары Қаржы агенті шешіміне, ұлттық жоба мен осы Қағида талаптарына;

2) қарыздарды субсидиялау шартының Үлгі қарызды субсидиялау шартына;

3) банктік қарыз шартын/қарыз шартын ұлттық жоба осы Қағида талаптарына.

Көрсетілген сәйкессіздіктердің болуы туралы қаржы агенті жазбаша нысанда осы Қағиданың 22-тармағының 2) тармақшасында көзделген мерзімнен кешіктірмей ескертулерді жою үшін ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға хабарлайды.

ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ескертулерді жойған кезде Қаржы агенті қарыздар бойынша субсидиялау шартына қол қояды.

ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қаржы агентінің ескертулерімен келіспеген жағдайда, қаржы агенті қарызды (кредитті) субсидиялаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

27. Кредит бойынша негізгі қарыз пен сыйақыны өтеу ай сайынғы аннуитеттік немесе сараланған төлемдермен немесе есептелген қарызды (кредитті) өтеудің өзге әдістерімен ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ішкі ережелері бойынша төлем кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Егер өтеу күні жұмыс емес күнге келетін болса, онда төлем жұмыс істемейтін күннен кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

28. Қаржы агенті субсидияны уәкілетті орган тарапынан тиісті қаржы бөлінген және Қарыздарды субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін төлемдер кестесіне сәйкес төлейді.

ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ кейіннен субсидия қаражатын аудару үшін Қаржы агентіне ағымдағы шот ашуды жүзеге асырады.

### **3-параграф. Субсидияны аудару тәртібі**

29. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз алушыларға беретін қарыздар (кредиттер) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуге субсидия төлеу тиісті қаржы жылдарға арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджет қаражаты шегінде жүзеге асырылады.

30. Уәкілетті орган жеке қаржыландыру жоспары негізінде Қаржы агентінің арнайы шотына қаражат аударды.

31. Сыйақы мөлшерлемесін өтеу үшін қаржы агентінің арнайы шотына түскен субсидия қаражаты ЕДБ-де ашылған қаржы агентінің операторлық ағымдағы шотына бірыңғай траншпен аударылады.

32. Қаржы агенті субсидияны операторлық ағымдағы шоттан ЕДБ-де ашылған тиісті ағымдағы шоттарға аударды.

Бұл ретте субсидия сомаларын есептен шығару, есепке жатқызу, қайтару және өтеу операцияларын қоса алғанда, көрсетілген шоттарды жүргізгені үшін ЕДБ-ге комиссия алуға жол берілмейді.

33. Қарыз алушылардың қарыздары (кредиттері) бойынша сыйақы мөлшерлемесін өтеуге арналған субсидияны қаржы агенті ай сайын ЕДБ-дегі ағымдағы шотқа қарыз алушылардың төлем кестесін ескере отырып, аванстық төлемдермен аударуды жүзеге асырады.

Бұл ретте қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға қарыз алушыны, өңірді, субсидия сомасын және төлем жүргізілген кезеңді көрсете отырып, қаражатты аудару туралы өкімнің көшірмелерін жібереді.

34. Қаржы агенті ағымдағы шоттан субсидиялау тоқтатылған және жабылған қарыздар (кредиттер), сондай-ақ ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеу жүргізілген қарыздар (кредиттер) бойынша

субсидия қаражатын операторлық ағымдағы шотына қолданыстағы және субсидиялау мақұлданған қарыздарға (кредиттерге) қайта бағыттау үшін қайтарады.

35. Қаржы агентінің ағымдағы қаржы жылындағы операторлық ағымдағы шотындағы субсидия қаражатының пайдаланылмаған қалдығы келесі қаржы жылында есепті қаржы жылы үшін қарыз алушылардың қабылданған өтініштері бойынша пайдаланылады.

Қаржы агенті анықталған бұзушылық жағдайлары бойынша осы Қағидаға сәйкес қарыз алушының жобасы бойынша субсидиялауды тоқтата тұрады.

36. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз алушы негізгі қарыз сомасын және қарыз (кредит) бойынша субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесін толық өтеген жағдайда, қаржы агентінен алынған өкімге сәйкес әрбір қарыз (кредит) бойынша қаржы агентінің ағымдағы шотынан субсидияларды есептен шығаруды жүзеге асырады.

37. Қарыз алушы негізгі қарызды ішінара не толық мерзімінен бұрын өтеген кезде ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ бұл туралы қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде хабарлайды, кейіннен төлемдер кестесі өзгертілген қарыздар бойынша субсидиялау шартына қосымша келісім және банктік қарыз шартына қосымша келісімнің көшірмесі ұсынылады (қосымша келісім жасасу кезінде – банктік қарыз шартына қосымша келісімге қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей).

38. Төмендегі жағдайларда ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарыз алушы негізгі қарыз сомасының берешегін және қарыз (кредит) бойынша субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесін өтегенге дейін қаржы агентінің ағымдағы шотынан субсидиялар есептен шығарылмайды:

1) қарыз алушы төлемдер кестесіне сәйкес міндеттемелерді 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде орындамаған;

2) қарыз алушы төлем кестесіне сәйкес қатарынан 3 (үш) ай ішінде міндеттемелерді орындамаған;

3) қарыз алушының міндеттемелерін қайта құрылымдау жөніндегі рәсімді жүргізу.

Көрсетілген жағдайлар бойынша ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ анықталған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қаржы агентін хабардар етеді.

39. Осы Қағиданың 43-тармағында көзделген жағдайлар бойынша қаржы агентінің одан кейінгі субсидияларды аударуы ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-дан тиісті хабарлама алғанға дейін тоқтатыла тұрады.

**4-параграф. Банктік қарыз шартына (қарыз шартына) өзгерістер енгізуде қарыз алушыға субсидия беру және субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қайта бастау тәртібі**

40. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде жасалған қолданыстағы банктік қарыз шартының (қарыз шартының) талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, жеңілдікті кезең, төлемдерді төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну, қарызды аудару, міндеттемелерді қайта құрылымдау) өзгерген кезде қаржы агентін тиісті құжаттарды қоса бере отырып, жазбаша нысанда хабардар етеді.

Қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ хабарламасын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде мәселені қарайды және қолданыстағы Банктік қарыз шартының (қарыз шартының) талаптарымен келісу не өзгерістер енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қарау қорытындысы бойынша қолданыстағы банктік қарыз шартына (қарыз шартына) өзгерістер енгізумен келісу немесе келісуден бас тарту туралы шешім қабылданады.

Қабылданған шешім туралы хабарламаны қаржы агенті ЕДБ-ге және (немесе) ХҚҰ-ға және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға жібереді.

41. Қарыз алушының қолданыстағы банктік қарыз шартының (қарыз шартының) басқа өзгерістері бойынша ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қолданыстағы банктік қарыз шартына (қарыз шартына) енгізілетін өзгерістерді келісу немесе келісуден бас тарту туралы мәселені қарайтын қаржы агентін хабардар етеді және ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қарау қорытындылары туралы жазбаша нысанда хабарлайды.

42. Субсидиялауды тоқтата тұру және қайта бастау туралы шешімді қаржы операторі техникалық оператордың және (немесе) ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ қолдау хаттары (хабарламалары), сондай-ақ осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес Қаржы агентін субсидиялау туралы есеп шеңберінде мониторинг нәтижелері негізінде қабылдайды.

43. Қаржы агенті қарыз алушыны субсидиялауды тоқтатады келесі жағдайларда:

- 1) субсидиялау жүзеге асырылатын қарызды (кредитті) мақсатсыз пайдалану;
- 2) жобаның және (немесе) қарыз алушының ұлттық жобаның шарттарына және осы Қағидаға және (немесе) қаржы агентінің шешіміне сәйкес келмеуі;

3) қарыз алушы төлем кестесіне сәйкес ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ алдында ай сайынғы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай ішінде орындамаған;

4) қарыз алушының банктік шотындағы ақшаны қамауға алу

5) шара ретінде шоттардағы ақшаға тыйым салуды қоспағанда

6) талап қоюды қамтамасыз ету бойынша, талап қою талаптарын толық көлемде қамтамасыз ететін шотта ақша жеткілікті болған жағдайда) және (немесе) қарыз алушының шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұрған жағдайда.

44. Осы Қағиданың 43-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайды анықтау мақсатында Техникалық оператор жобалардың іске асырылуына мониторинг жүргізеді және "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 10-42) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процестерін мониторингтеу қағидаларында көзделген тәртіпте осындай мониторингтің қорытындылары туралы Қаржы операторын хабардар етеді.

Қаржы операторы осы Қағиданың 43-тармағында көзделген жағдайларда 10 (он) жұмыс күні ішінде анықталған бұзушылықтар жойылғанға дейін субсидиялауды тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды және қаржы агентіне субсидиялауды тоқтата тұру рәсімдерін жүзеге асыру үшін тиісті шешім ұсынады.

Мақсатты пайдалану расталған қарыздың (кредиттің) қалған бөлігі бойынша және қарыз алушы мақсатсыз пайдалану мөлшеріне барабар төленген субсидиялар сомасын қайтарған жағдайда, субсидиялау төлемдер кестесіне сәйкес жалғасады.

45. Қаржы агенті қаржы операторының субсидиялауды тоқтата тұру туралы шешімін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ТМС-ға, Қаржы және Техникалық операторға, Тариф реттеушісіне, Жергілікті атқарушы органға және тиісті саланың уәкілетті органына, сондай-ақ ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ-ға ақпараттық жүйе арқылы субсидиялауды тоқтата тұру себептерін көрсете отырып, хабарлама-хат жолдайды.

46. Қаржы агенті хабарлама-хатты жолдаумен бір мезгілде субсидиялауды тоқтата тұрады.

47. Қаржы агенті субсидиялауды қаржы операторының шешімі негізінде, субсидиялау тоқтатыла тұрған себептер жойылған жағдайда қайта бастайды. Бұзушылықтарды жою туралы ақпаратты Техникалық оператор "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 10-42) тармақшасына сәйкес уәкілетті органмен бекітілген энергетика және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы жобаларды жоспарлау, іріктеу, келісу, жобалау, салу және (немесе) пайдалану процестерін мониторингтеу қағидаларында көзделген тәртіпте осындай мониторингтің қорытындылары өзі жүргізетін мониторинг шеңберінде ұсынады.

Осы Қағиданың 43-тармағында көзделген жағдайлар бойынша тоқтата тұру себептері жойылған кезде Қарыз алушының қарызын (кредитін) субсидиялауды қайта бастауға жол беріледі.

Осы тармақта көзделген жағдайларда субсидиялау қаржы агенті субсидиялауды тоқтата тұрған күннен бастап төлеуге тиісті мөлшерде беріледі.

48. Қаржы агенті қаржы операторының тиісті шешімін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде субсидиялауды қайта бастау туралы хабарлама-хатты Қаржы және Техникалық операторларға, Тариф реттеушіге, ТМС-ге, сондай-ақ ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ -ға және жергілікті атқарушы органы мен тиісті саланың уәкілетті органына ақпараттық жүйе арқылы, субсидиялауды қайта бастау себептерін көрсете отырып, жібереді.

49. Қаржы операторінің қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату туралы шешімі бар қарыздарды (кредиттерді) субсидиялауды қайта басталмайды.

Қарыз алушы кредит қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда, қаржы агенті осы Қағида шеңберінде Қарыздарды субсидиялау шарты бойынша қарыз алушыға төленген субсидияны өтеу жөнінде сот тәртібімен шаралар қабылдайды. Субсидияның өндіріп алынған сомасы қаржы агентінің операторлық шотына қайтарылады.

50. Осы Қағиданың 43-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша субсидиялау тоқтатылған жағдайда қарыз (кредит) бойынша субсидия төлеуді қайта бастау мерзімі өткен кезден бастап жүзеге асырылады.

51. Қаржы операторы мынадай негіздер бойынша субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдайды:

1) қарызды өтеу күні субсидиялауды тоқтату күні болып танылатын банктік қарыз шарты бойынша кредитті қарыз алушының толық өтеуі;

2) субсидиялауды тоқтата тұруға әкеп соққан себептерді негізсіз жоймау;

3) қарыз алушының бастамасы бойынша қарыздар бойынша субсидиялау шартын бұзу.

52. Қарызды (кредитті) субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған кезде Қаржы агенті Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасы мен Шарт талаптарына сәйкес, қарыз алушыны, ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ, сондай-ақ ТМС, қаржы және техникалық операторларды, тариф реттеушісін, жергілікті атқарушы орган және тиісті саланың уәкілетті органын ақпараттық жүйе арқылы субсидиялауды тоқтату себептерін көрсете отырып, қарыздарды субсидиялау шартын біржақты тәртіпте бұзады.

Қарызды (кредитті) мақсатсыз пайдаланған кезде субсидиялау кредиттік қаражатты мақсатсыз пайдалану сомасына барабар тоқтатылады.

Қарызды (кредитті) толық мақсатсыз пайдалану немесе жоба және (немесе) қарыз алушы осы Қағиданың талаптарына сәйкес келмеген жағдайда, субсидия ретінде төленген сома толық қайтарумен тоқтатылады.

53. Қаржы агенті жүзеге асырады:

1) ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ұсынатын деректер негізінде қарыз алушының төлем тәртібінің ай сайынғы мониторингі;

2) алынған және төленген субсидияны тұрақты есепке алу;

3) ЕДБ және (немесе) МҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ұсынған ақпарат негізінде қарыз алушының қарызды (кредитті) мақсатты пайдалануы мониторингі

54. ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ ай сайын субсидиялау туралы есепті осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес Қаржы агентіне жібереді.

Қаржы агенті ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ төлеген қаражаты мен сыйақы есебін тексеруді жүзеге асырады.

55. Қаржы агенті:

1) осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес субсидиялау туралы есепті есепті айдан кейінгі айдың 25 (жиырма бесінші) күнінен кешіктірмей;

2) осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес субсидиялау үшін қабылданған міндеттемелер және қаражаттың болжамды қалдығы бойынша есепті ай сайын уәкілетті органға жолдайды.

56. Қарыз алушының қарызы (кредиті) бойынша негізгі қарызды субсидиялау тоқтатылған, ішінара немесе толық мерзімінен бұрын өтеген, сондай-ақ қарыз алушының, ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ міндеттемелерін қайта құрылымдау рәсімі жүргізілген жағдайда тиісті шешім қабылданған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін ұсынады.

Салыстыру актісінде субсидияларды нақты есептен шығару және аудару сомасы мен күні көрсетіледі. Өзара есеп айырысудың салыстыру актісіне қол қойылғаннан кейін екі тарап оның ережелеріне сәйкес өзара есеп айырысуды жүргізеді.

57. Қаржы агенті ЕДБ-ден және (немесе) ХҚҰ-дан және (немесе) "ҚДБ" АҚ-дан және Техникалық оператордан, сондай-ақ қажет болған жағдайда Қарыз алушыдан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қолжетімділігі шектеулі мәліметтерді қоса алғанда, мониторинг нысанасына қатысты қажетті құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы. Бұл ретте ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және (немесе) "ҚДБ" АҚ, Техникалық оператор өз құзыреті шегінде сұратылған ақпаратты ұсынуға тиіс.

58. Келесі қарыздар (кредиттер) мониторингке жатпайды:

1) субсидияланатын қарызды (кредитті) нысаналы пайдаланудың толық дәлелі болған жағдайда;

2) субсидия Қаржы агентінің шотына толық қайтарылған жағдайда.

59. Құрылыс кезеңіндегі қарыз алушының жобалары бойынша, құрылыс жобасын пайдалануға беру бойынша құқық белгілейтін құжаттарды ресімдеу сатысындағы қарыз алушылардың жобалары бойынша Техникалық оператор қарыз алушы жобасының ерекшеліктеріне сүйене отырып, ескертулерді жою үшін мерзім береді. Техникалық оператордың қорытындысына сәйкес жоба бойынша ауытқу орын алған жағдайда Қаржы агенті қарызды (кредитті) одан әрі субсидиялаудың қаншалықты орынды екені туралы шешім қабылдайды.

**3-тарау. Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау тәртібі**

60. Ұлттық жоба шеңберінде қарыз алушыға қарыз беру мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру (облигациялық қаржыландыру) арқылы қаржыландыруды алатын қарыз беруші арқылы жүзеге асырылады.

61. Қаржы агенті ұлттық жоба шеңберінде қарыз алушыға одан әрі қарыз беру мақсатында қарыз беруші орналастыратын нарықтық шарттарда мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алуды жүзеге асырады.

62. Ұлттық жобаны орындау шеңберінде қарыз берушінің мемлекеттік бағалы қағаздарын қаржы агенті арқылы сатып алу механизмі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 271 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 36181 тіркелген) Облыс, республикалық маңызы бар қала, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздарды шығару қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

63. Қаржы агенті қарыз беруші шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды Ұлттық жобада айқындалған шарттарда сатып алады.

2025 жылға қаржыландыруды жоспарланған жобалар шеңберінде энергетикалық және коммуналдық секторды жеделдетіп салу және жаңғырту мақсатында нарықтық жағдайларда облигациялық қарыздар есебінен қарыз беруші және (немесе) қарыз алушы қажет болған жағдайда сумен жабдықтау және су бұру, сарқынды суларды тазарту құрылыстарының кешендерін, жылу, электр желілері мен жүйелерін қаржыландыру (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жөніндегі Тапсырыс берушінің функцияларын жүзеге асырады.

Қажет болған жағдайда Қарыз беруші ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысын алған жобалау-сметалық құжаттама бойынша жалпы құны шеңберінде шығыстардың бір бөлігін жергілікті бюджет қаражаты есебінен қоса қаржыландырады.

Қарыз беруші қаржы агентінің алдында нарықтық шарттарда шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің толық және уақтылы орындалуын, оның ішінде Қарыз алушы Қарыз беруші алдындағы міндеттемелерді орындай алмаған жағдайда қамтамасыз етеді.

Сарқынды суларды тазарту құрылыстары кешендерін, сумен жабдықтау және су бұру жүйелері мен желілері (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жобаларын келісу мен көлемдерін қаржыландыруды қарыз беруші құрылыс саласындағы уәкілетті органның бөлінуіне сәйкес бюджеттің атқарылуы мен жоспарлау саласындағы уәкілетті органдар көздеген тиісті қаржы жылына арналған борыш лимиті шегінде жүзеге асырады.

Жылумен, электрмен жабдықтау желілері мен жүйелерін қаржыландыру (реконструкциялау, күрделі жөндеу) жобаларын келісу мен көлемдерін қаржыландыруды бюджетті атқару мен жоспарлау саласындағы уәкілетті органдар көздеген тиісті қаржы жылына арналған қарыз лимиті шегінде энергетика саласындағы уәкілетті органның бөлінуіне сәйкес Қарыз беруші жүзеге асырады.

Қарыз алушы мен табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органның ведомствосы арасында тарифтің және (немесе) республикалық бюджет комиссиясының қаражат бөлу туралы шешімінің қолданылу кезеңіне коммуналдық қызметтерге арналған тарифтің жыл сайынғы өсуі туралы келісім болмаған жағдайда қарыз беруші тартылған қарыздар бойынша қарыз берушінің сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға қаржы агенті алдында, оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен нарықтық жағдайларда шығарылған

мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің толық және уақтылы орындалуын қамтамасыз етеді.

64. Қарыз берудің міндетті шарты – қарыз қаражатын мақсатты және тиімді пайдалану және оларды қайтару жөніндегі міндеттемелерді уақтылы орындау.

65. Қарыз беру үшін осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес облигациялық қаржыландыру шеңберінде қарыз шарты (бұдан әрі – қарыз шарты) жасалады, ол қарыз беру, пайдалану, қызмет көрсету және қайтару шарттарын айқындайды, сондай-ақ Тараптардың құқықтық қатынастарын реттейді.

66. Қарыз алушы қарызды өтеуді және сыйақыны төлеуді қарыз шартында көзделген тәртіпте негізгі қарыз сомасын жыл сайын тең үлестермен өтеу, сондай-ақ төлем кестесіне сәйкес есептік кезең үшін нақты есептелген сыйақы сомасын төлеу жолымен жүзеге асырады.

67. Қарыз алушы қарыз шартына қосымша болып табылатын төлемдер кестесіне сәйкес жыл сайын белгіленген тәртіпте бекітілген тариф есебінен жылдық және негізгі қарыздың 10 (он) пайызына дейінгі сыйақы төлейді.

Егер қарыз бойынша сыйақы мөлшерлемесі жылдық 10 (он) пайыздан асқан жағдайда, айырма уәкілетті орган айқындаған шектерде республикалық және (немесе) жергілікті бюджет қаражаты есебінен субсидияланады.

Қарыз бойынша ең жоғары жол берілетін сыйақы мөлшерлемесі шарт жасасу күнінде қолданыста бар, 4 (төрт) пайыздан аспайтын мөлшерге көбейтілген Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесінен аспауға тиіс.

68. Қаржы агенті мен Қарыз беруші ай сайынғы негізде қарыз алушыдан қаражаттың игерілуі, құрылыс барысы және өзге де ақпарат туралы мәліметтерді алуды, сондай-ақ олардың Техникалық оператордың ақпараттық жүйесінде көрсетілуін қамтамасыз етеді.

Деректерді енгізу құрылыс кезеңінде де (оның ішінде қаражаттың дамуы, құрылыс барысы) және пайдалану кезеңінде де жүзеге асырылады.

Қарыз алушы көрсетілген талапты орындамаған жағдайда, қаржы агенті уәкілетті органмен келісім бойынша осы тармақта көзделген бұзушылықтар жойылғанға дейін облигациялық қарыздарды одан әрі беруді тоқтата тұрады.

69. Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар мен жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау (бұдан әрі – облигациялық қаржыландыруды субсидиялау) үшін көзделген қаражатты осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес Эмитентпен жасалатын Энергетикалық және коммуналдық секторды жаңғырту

жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар мен жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың үлгі шарты (бұдан әрі – облигациялық қаржыландыруды субсидиялаудың үлгі шарты) негізінде уәкілетті орган республикалық бюджет қаражаты есебінен аударады.

Бұл ретте купондық сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі болып табылатын облигацияларды субсидиялауға жол беріледі.

70. Облигациялық қаржыландыру шеңберіндегі субсидиялар, жыл сайын төлемдер кестесіне сәйкес, қаржы жылындағы купондық сыйақының субсидияланатын мөлшерлемесіне тең сомада Эмитенттің қолма қол ақшаны бақылау шотына бірыңғай төлеммен аударылады.

71. Облигациялық қаржыландыру шеңберіндегі субсидиялар облигациялардың айналыс кезеңі басталған күннен бастап облигациялардың айналыс кезеңі аяқталған күнге дейін есептеледі.

72. Облигациялық қаржыландыру шеңберінде субсидиялау мынадай тәртіпте жүргізіледі:

1) эмитенттің осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес субсидиялауға ұсыныс беруі;

2) эмитенттің осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес субсидиялауға өтінім беруі;

3) уәкілетті органның облигациялық қаржыландыру шеңберінде субсидиялау шартын жасасу туралы шешім қабылдауы;

|----------|--------|---------------|------------------------|-------------------------------|--------------------------|---|
|          |        |               |                        |                               |                          |   |

## 7. Қолданыстағы кредиттер туралы ақпарат

Күні және валюта бағамы: \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_

| p/c | Кредитор атауы | БҚШ деректемелері | Сыйақы мөлшерлемесі, % | Кредит валютасы | Кредит сомасы | Көрсетілген күнге негізгі борыш бойынша берешектің қалдығы | Кредит мерзімінің аяқталу күні |
|-----|----------------|-------------------|------------------------|-----------------|---------------|------------------------------------------------------------|--------------------------------|
|     |                |                   |                        |                 |               |                                                            |                                |

## 8. Басқа мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы және ТМС-ке қатысты қолданылатын мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат

| p/c | МБ/МҚШ атауы | МДИ атауы | Қосымша ақпарат |
|-----|--------------|-----------|-----------------|
|     |              |           |                 |

## 9. Кепілдіктер мен келісімдер

ТМС Қаржы агентіне мыналарды мәлімдейді және мынадай кепілдік береді:

1. Осы өтінішпен бірге не Қаржы агентінің сұрау салуы бойынша Қаржы агентіне тапсырылған (ұсынылған) немесе ұсынылатын барлық деректер, ақпарат және құжаттама анық болып табылады және төменде көрсетілген күндегі шындыққа толығымен сәйкес келеді, көрсетілген деректер өзгертілген жағдайда, Қаржы агентін дереу хабардар етіледі.

2. Осы өтінішті қарау шеңберінде талап етілген, банктік және коммерциялық құпияны қамтитын кез келген ақпарат Қаржы агентінің алғашқы талап етуі бойынша беріледі және ашылады.

3. ТМС-қа жалған, толық емес және (немесе) анық емес мәліметтерді бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілігі туралы ескертілді.

4. ТМС-тің жарғылық құзыреті берілген өтінішке қол қоятын тұлғаға осы өтінішті беруге мүмкіндік беретіндігін ТМС растайды.

5. Көрсетілген деректер мен ақпараттың анық еместігі анықталған жағдайда, көрсетілген деректердің анық еместігін растайтын мәліметтер анықталатын кез келген кезеңде осы өтініштің қабылданбайтындығымен келісемін.

ТМС Қаржы агентіне төмендегілер бойынша өз келісімін береді:

1. Қаржы агенті осы өтініште көрсетілген мәліметтерді, ақпаратты және ТМС ұсынған құжаттарды тексеру және қарау мақсатында мемлекеттік органдарға ұсынады.

2. Осы өтініште қамтылған барлық мәліметтер, сондай-ақ Қаржы агенті талап еткен барлық құжаттар Ұлттық жоба шеңберінде субсидиялау үшін ғана ұсынылады.

3. Қаржы агенті ТМС хабарлаған өзі туралы кез келген ақпаратты тексеру мүмкіндігін өзіне қалдырады, ал ТМС ұсынған құжаттар мен өтініштің түпнұсқасы субсидиялау берілмесе де, Қаржы агентінде сақталатын болады.

4. Қаржы агентінің осы өтінішті қарау үшін қабылдауы, сондай-ақ ТМС-тің ықтимал шығыстары (субсидиялауды алу үшін қажетті құжаттарды ресімдеу шығыстары және басқа да шығыстар) Қаржы агентінің субсидиялауды беру немесе ТМС көтерген шығындарды өтеу міндеттемесі болып табылмайды.

5. Субсидиялау туралы мәселені қарау тәртібімен танысқанымды және келісетінімді растаймын, кейін Қаржы агентіне наразылық білдірмеймін.

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) \_\_\_\_\_  
(қолы)

Күні

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі  
2025 жылғы 12 тамыздағы  
№ 78  
Энергетикалық және  
коммуналдық секторларды  
жаңғырту жөніндегі ұлттық  
жоба шеңберінде іске  
асырылатын жобалар бойынша  
табиғи монополиялар  
субъектілері алатын қарыздар,  
сондай-ақ жергілікті атқарушы  
органдар шығаратын  
мемлекеттік бағалы қағаздар  
бойынша сыйақы  
мөлшерлемесін субсидиялау  
қағидаларына  
3-қосымша

#### Құжаттар тізбесі

1) Қағиданың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша субсидия алуға өтініш  
– сауалнама;

2) іске асырылып жатқан жобаның сипаттамасы (жобаны, бизнес-жоспарды, сатып алу-сату шарттарын және т. б. салуға рұқсат беру құжаттамасын қоса бере отырып, еркін нысанда қалыптастырылады);

3) "Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын жаңғырту мен дамытудың қазақстандық орталығы" акционерлік қоғамының оң қорытындысы;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің тарифтің өсуі мәніне оң қорытындысы;

5) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының қаржыландыру тетігін айқындау туралы шешімі;

6) ЕДБ және (немесе) ХҚО және (немесе) "ҚДБ" АҚ қабылданған оң шешім туралы хаттамадан үзінді көшірмені қоса бере отырып, жобаны іске асыру үшін кредит беру мүмкіндігі туралы оң шешімімен хат;

7) жобалау-сметалық құжаттама (PDF (Portable Document Format) форматындағы электрондық түрдегі жобалау құжаттамасы және кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысымен (құрылыс, реконструкциялау және жаңғырту кезінде) KENML электрондық форматындағы сметалық құжаттама;

8) объект бойынша ақпарат (презентациялар, жоба бойынша техникалық-экономикалық параметрлер, жобаны іске асырудың әлеуметтік-экономикалық әсері және т.б.), оның ішінде электрондық түрде.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі  
2025 жылғы 12 тамыздағы  
№ 78  
Энергетикалық және  
коммуналдық секторларды  
жаңғырту жөніндегі  
ұлттық жоба шеңберінде  
іске асырылатын жобалар  
бойынша табиғи монополиялар  
субъектілері алатын қарыздар,  
сондай-ақ жергілікті атқарушы  
органдар шығаратын бағалы  
қағаздар бойынша сыйақы  
мөлшерлемесін субсидиялау  
қағидаларына  
4-қосымша

**ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және(немесе) "ҚДБ" АҚ толық атауы**

**Субсидиялау туралы есеп**

| жылғы _____ бастап _____           |               | жылғы кезеңде _____  |           |
|------------------------------------|---------------|----------------------|-----------|
| ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және(немесе) | Өңірдің атауы | Қарыз алушының атауы | IBAN код* |

Ескерту\* ЕДБ және (немесе) ХҚҰ және(немесе) "ҚДБ" АҚ генераторлық жүй арқылы субсидиялаудың үлгілік шартының бірегей сәйкестендіру коды

сыйақы мөлшерлемесін  
субсидиялау  
қағидаларына  
5-қосымша

| жылғы                         |                                            | кезеңде субсидиялау туралы есеп                               |                                                                |                   |
|-------------------------------|--------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------|-------------------|
| ЕДБ/ХҚҰ/ҚДБ атауы             | Өңірлердің атауы                           | Қарыз алушының атауы                                          | Банктік қарыз шартының (қосымша келісімнің) нөмірі             | Банктік (қосымша) |
| 1                             | 2                                          | 3                                                             | 4                                                              | 5                 |
| Кредит (транш) сомасы         | Кредит (транш) бойынша сыйақы мөлшерлемесі | Кредит бойынша субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері | Субсидиялау шартының нөмірі                                    | Субсидия күні     |
| 6                             | 7                                          | 8                                                             | 9                                                              | 10                |
| Барлығы көзделген субсидиялар | Барлығы аударылған субсидиялар             | Оның ішінде есепті айда                                       | Тоқтатыла тұрған/тоқтатылған субсидиялардың қайтарылған сомасы |                   |
| 11                            | 12                                         | 13                                                            | 14                                                             |                   |

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі  
2025 жылғы 12 тамыз  
№ 78  
Энергетикалық және  
коммуналдық секторда  
жаңғырту жөніндегі  
ұлттық жоба шеңберінде  
іске асырылатын жобалар  
бойынша табиғи монополия  
субъектілері алатын қаржы  
сондай-ақ жергілікті атқару  
органдар шығаратын қаржы  
қағаздар бойынша сыйақы  
мөлшерлемесін субсидиялау  
қағидаларына  
6-қосымша

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ жылға арналған субсидиялау үшін қабылданған міндеттемелер және  
болжамды қалдық бойынша қаражат есебі

| № | Кезеңнің басындағы қалдық | Ағымдағы жылға түскен қаражат | Тоқтатыла тұрған/тоқтатылған субсидиялар бойынша ЕДБ-тен (ХҚҰ, ҚДБ) қайтарылған сомалар | Аударылды, теңге | Кезең соңындағы қалдық, теңге | Төленген субсидиясыз субсидиялаудың бүкіл кезеңі үшін қабылданған міндеттемелердің қалдығы |
|---|---------------------------|-------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------|------------------|-------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | 2                         | 3                             | 4                                                                                       | 5                | 6                             | 7                                                                                          |
|   |                           |                               |                                                                                         |                  |                               |                                                                                            |

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

**Облигациялық қаржыландыру шеңберінде қарыз шарты**

Жергілікті атқарушы орган \_\_\_\_\_ бұдан әрі "Қарыз беруші" деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, бір тараптан, және \_\_\_\_\_ табиғи монополия субъектісі бұдан әрі "Қарыз алушы" деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан, \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке немесе "Тарап" деп аталатындар төменде көрсетілгендер туралы облигациялық қаржыландыру шеңберінде осы Қарыз шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты:

**1-тарау. Шарттың мәні, қарыз беру талаптары**

1. Қарыз беруші "Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасын (бұдан әрі - Ұлттық жоба) бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 желтоқсандағы № 1102 қаулысы шеңберінде энергетикалық және коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту және салу мақсатында облигациялық қарыздар есебінен берілетін (цифрлармен және жазумен) мөлшерінде Қарыз алушының шотына ақша аударуға міндеттенеді.

2. Қарыз төлем кестесіне (Шартқа қосымша) сәйкес қарыз берілген күннен бастап айлар мерзіміне ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық шарттарында берілген.

3. Қарыз беруші Қарыз алушыға осы Шартқа қол қойылған кезден бастап (сандармен және жазумен) ақша қаражатын беруге міндетті. Қарыз берілген күн Қарыз алушының шотына ақша қаражатының түскен күні болып есептеледі.

4. Облигациялық қарыз беру, облигациялық қаржыландыруды өтеу есебіне тұрақты кезекті төлемдерді есептеу және ол бойынша сыйақылар теңгемен жүргізіледі.

5. Қарызды пайдаланғаны үшін Қарыз алушы Қарыз берушіге белгіленген/өзгермелі мөлшерлеме бойынша, (\_\_\_\_\_) (сандармен және жазумен) % жылдық мөлшерінде сыйақы төлейді

6. Пайыздық мөлшерлеме 10 (он) % - дан асқан жағдайда айырма субсидиялау есебінен өтелетін болады. Бұл ретте қарыздар бойынша пайыздық мөлшерлеменің ең жоғары деңгейі 4 (төрт) % - дан аспайтын қосып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық мөлшерлемесі шегінде (қарыз беру сәтінде қолданыста болатын) белгіленеді.

#### **2-тарау. Облигациялық қарыз бен сыйақыны өтеу тәртібі мен мерзімдері**

7. Облигациялық қарызды өтеуді қарыз алушы оның кез келген шоттарынан қолма-қол ақшасыз аудару жолымен жүзеге асырады. Өтеу негізгі қарыздың тең үлестерін жыл сайын енгізу, сондай-ақ төлем кестесіне (осы Шартқа 1-қосымша) сәйкес есептік кезең үшін нақты есептелген сыйақы сомасын төлеу арқылы жүзеге асырылады.

Ұлттық жоба шеңберінде қарыз қаражаты бойынша төленетін сыйақы мен негізгі қарыз табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік сметасына шығындардың жекелеген баптарымен енгізілуге тиіс.

8. Кезекті төлемдерді өтеу күні демалыс немесе мереке күндеріне түсетін жағдайларда облигациялық қарызды өтеу одан кейінгі бірінші жұмыс күні жүргізіледі.

9. Қарыз алушының Қарыз берушінің келісімімен қарыз сомасын барлық сома немесе оның бір бөлігі мөлшерінде бір немесе бірнеше төлеммен мерзімінен бұрын қайтаруға құқығы бар. Бұл ретте Тараптар облигациялық қарыздың мөлшерін, оны пайдалану шарттары мен мерзімдерін келісуге тиіс.

#### **3-тарау. Тараптардың жауапкершілігі**

10. Осы Шарт бойынша өз міндеттерін тиісінше орындамағаны немесе орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

11. Ай сайынғы төлемдерді төлемеген немесе уақтылы төлемеген жағдайда, Қарыз берушінің әрбір осындай жағдай үшін Қарыз алушыдан төлемді кешіктірген әрбір күн үшін төленбеген немесе уақтылы төленбеген ақша сомасының \_\_\_\_\_ % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын төлеуді талап етуге құқығы бар.

12. Тараптар Тараптың міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған әрбір жағдайы үшін есептелген тұрақсыздық айыбының мөлшері

соманы (мысалы, облигациялық қарыздың жалпы сомасынан) \_\_ % (пайыз жазумен) санынан аспайтынын келіскен.

#### **4-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (форс-мажор)**

13. Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық мән-жайлардың нәтижесі болып табылса, Тараптар осы Шарт бойынша оның талаптарын орындамауына байланысты жауапты болмайды.

14. Осы Шарттың мақсаттары үшін "форс-мажор" Тараптардың бақылауына бағынбайтын, Тараптардың қате есептелуіне немесе не ХҚО райлылығына байланысты емес және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді: әскери әрекеттер, табиғи немесе табиғи апаттар, эпидемия, карантин және т. б.

15. Мұндай мән-жайлар туындаған кезде олардың әрекетін бастан кешіретін Тарап күнтізбелік бес (5) күн ішінде олар туралы екінші Тарапқа жазбаша түрде хабарлауға тиіс.

16. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған тарап осы мән-жайлардың болуын куәландыратын шартта регламенттелген құжаттарды жібермесе, онда мұндай Тарап оны шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз сияқты мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

17. Егер еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған тарап осы мән-жайлардың болуын куәландыратын шартта регламенттелген құжаттарды жібермесе, онда мұндай Тарап оны шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босататын негіз сияқты мән-жайларға сілтеме жасау құқығынан айырылады.

18. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайларда Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады. Егер еңсерілмейтін күштің туындаған мән-жайлары мен олардың салдарлары 30 (отыз) күнтізбелік күннен астам күшінде жалғаса берсе, Тараптар Шартты орындаудың қолайлы баламалы тәсілдерін айқындау үшін қосымша келіссөздер жүргізеді немесе тараптардың міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезден бастап (ақшалай міндеттемелерді қоспағанда) орындау мүмкін еместігімен тоқтатылады.

#### **5-тарау. Хабарлама**

19. Тараптар осымен келіседі және Қарыз берушіден Қарыз алушыға кез келген хабарламалар кредитор келесі тәсілдердің бірімен жіберген кезде тиісті тәсілмен ресімделген және Қарыз алушы алған болып есептелетінін растайды:

олар жеке, курьерлік немесе пошта қызметі арқылы беріледі;

электрондық пошта арқылы;

факс бойынша;

ұялы және өзге де телефон байланысы бойынша.

Тараптар осымен келіседі және адресаттың хабарлама алған күні болып есептелетінін растайды:

20. жеке өзі немесе курьерлік қызмет арқылы тапсырылатын хабарламалар үшін - тиісті адамның тиісті белгісі бар алған күні;

факс арқылы жіберілген хабарламалар үшін - факс нөміріне жіберудің сәтті аяқталғаны туралы факсимильдік аппараттың үзінді көшірмесі болған жағдайда жөнелту күні;

ұялы байланысты пайдалана отырып, электрондық пошта арқылы жіберілген хабарламалар үшін - хабарламаның жіберілген күні (жөнелту туралы хабарлама болған кезде);

SMS хабарламалар үшін - абоненттің SMS хабарламаны сәтті алғаны туралы хабарлама болған жағдайда жіберілген күн;

ұялы және өзге де телефон байланысы бойынша хабарламалар (дауыстық хабарламалар) үшін - қоңырау шалу күні мен уақыты.

21. Екінші Тарап хабарлама жіберу үшін пайдаланатын және (немесе) пайдалана алатын Тараптардың бірінің байланыс деректері/деректемелері өзгерген кезде мұндай өзгерістерге ұшыраған тарап осындай өзгеріс болған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұл туралы екінші тарапқа хабарлама жіберуге тиіс.

22. Қарыз алушы осы Шартқа сәйкес қарыз берушіні жазбаша хабардар етпеген қарыз алушының байланыс деректерінің/деректемелерінің өзгеруінен туындаған, қарыз алушының хабарламаларды алмағаны немесе уақтылы алмағаны үшін қарыз беруші жауапты болмайды.

#### **6-тарау. Күпиялылық**

23. Осы Шарттың ережелері, қосымша келісімдер және оған қосымшалар, оның орындалуына байланысты құжаттама мен ақпарат күпия болып табылады. Тараптар оларға шарт бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей қатысатын адамдарды ғана жіберуді қамтамасыз етеді. Өзге тұлғаларды жіберу Шартта Тараптар келіскен шарттарда жүзеге асырылады.

24. Тараптардың әрқайсысы екінші Тараптан алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың, Қарыз беруші үшін осы шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, қатаң күпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

25. Осы күпиялылық туралы ережелер Шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде және шарт тоқтатылған (бұзылған) күннен бастап 3 (үш) жыл ішінде қолданылады.

## **7-тарау. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі**

26. Осы Шарттың талаптарын өзгерту туралы ұсыныс басқа Тарапқа өзгерістер енгізудің болжамды күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберіледі. Шарт талаптарын өзгерту екіжақты келісім жасасу жолымен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жазбаша нысанда Шарттың өзі сияқты нысанда жүзеге асырылады.

27. Осы Шартты бұзу туралы ұсыныс Тараптардың келісімі бойынша екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жіберіледі. Осы шартты бұзу екіжақты келісім жасасу жолымен не Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жазбаша нысанда шарттың өзі сияқты нысанда жүзеге асырылады.

28. Шарт бойынша міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның талаптарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

## **8-тарау. Қорытынды ережелер**

29. Шарт екі тарап қол қойған сәттен бастап күшіне енеді және Тараптар өзіне қабылдаған міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

30. Қосымша келісімдер, сондай-ақ осы Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар, егер олар жазбаша нысанда жасалған және тиісті уәкілеттік берілген Тараптардың өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

31. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бірден екі данада жасалды, екі дананың да заңдық күші тең.

32. Тараптардың осы Шартта айтылмаған қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі. Осы Шарттың орындалуына байланысты туындайтын дауларды Тараптар өзара келіссөздер жолымен шешеді, ал келісімге қол жеткізу мүмкін болмаған кезде - кез келген Тараптың бастамасы бойынша Қазақстан Республикасының сот органдарына берілуі мүмкін.

### **Тараптардың деректемесі мен қолы**

Қарыз беруші:

Заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысаны және фирмалық атауы

Орналасқан жері:

тел. / факс

нөмірі (өзге, байланыс ақпараты)

БСН

ЖСК

Қызмет көрсететін банктің атауы

БСК

Кбе

Шартқа қол қойған тұлға лауазымының атауы

Жеке қолы

Қарыз алушы:

Заңды тұлғаның ұйымдық- құқықтық

нысаны және фирмалық атауы

Орналасқан жері:

тел./факс

нөмірі (өзге байланыс қпараты)

БСН

ЖСК

Қызмет көрсететін банктің атауы

БСК

Кбе

Шартқа қол қойған тұлға лауазымының атауы

Қолдың толық жазылуы (аты-жөні және тегі)  
М.О.

Жеке қолы  
Қолдың толық жазылуы (аты-жөні және тегі)  
М.О.

Облигациялық қарыз  
шеңберінде қарыз шартының  
қосымша

Облигациялық қарыз шеңберінде қарыз шартына төлемдер кестесі  
Сәйкестендіру коды: (IBAN форматындағы бірегей 20 таңбалы код

| Негізгі борышты өтек күні | негізгі борыш қалдығының сомасы | негізгі борышты өтеу сомасы | Қарыз алушы төлейтін сомасы | Жиыны (негізгі борыш) |
|---------------------------|---------------------------------|-----------------------------|-----------------------------|-----------------------|
|                           |                                 |                             |                             |                       |
|                           |                                 |                             |                             |                       |
|                           |                                 |                             |                             |                       |
|                           |                                 |                             |                             |                       |
|                           |                                 |                             |                             |                       |

| Қарыз беруші | Қарыз алушы |
|--------------|-------------|
| МО           | МО          |

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің орынбасары –  
Ұлттық экономика министрінің  
2025 жылғы 12 тамыздағы  
№ 78  
Энергетикалық және  
коммуналдық сектордағы  
жаңғырту жөніндегі  
ұлттық жоба шеңберінде  
іске асырылатын жобалар  
бойынша табиғи монополия  
субъектілері алатын қарыз  
сондай-ақ жергілікті атқару  
органдар шығаратын  
бағалы қағаздар бойынша  
сыйақы мөлшерлемесін  
субсидиялау  
қағидаларына  
8-қосымша

Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың үлгі шарты

Облыс, қала \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

\_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, бұдан әрі "Уәкілетті орган" деп аталатын, бір тараптан, және \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_,  
\_\_\_\_\_ бұдан әрі "Эмитент" деп аталатын \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін, екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталатын, ал жеке – жеке "Тарап" не жоғарыда көрсетілгендей, Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялаудың осы Шартын (бұдан әрі-Шарт) төмендегілер туралы жасасты:

#### 1-тарау. Шарттың мәні

1. Осы Шарттар бойынша уәкілетті орган облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды келесі шарттарда:

Нысаналы мақсаты \_\_\_\_\_

Осы Шартты жасасу күніне арналған сома \_\_\_\_\_

Валюта \_\_\_\_\_

Сыйақы мөлшерлемесі \_\_\_\_\_

Сыйақы сомасы \_\_\_\_\_ жүзеге асырады.

2. Субсидиялау республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

3. Эмитент сатып алған облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі субсидиялауға жатпайды.

4. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің \_\_\_\_ мөлшеріндегі бөлігі субсидиялауға жатады, бұл ретте сыйақының \_\_\_\_\_ мөлшеріндегі бөлігін Уәкілетті орган жыл сайын өтейді.

5. Субсидиялау мерзімінің басталуы: \_\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_. Бұл ретте субсидиялау \_\_\_\_\_ жыл ішінде жүзеге асырылады.

6. Уәкілетті орган осы Шартқа қол қойылғаннан және эмитент субсидиялауға өтінім бергеннен кейін субсидиялар төлейді.

7. Эмитент оны алуға құқығы бар және эмитенттің бағалы бумаларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға купондық сыйақы сомасын сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Эмитент тіркеушісінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – тіркелген күні) толық төлеуді жүзеге асырады. Сыйақы төлеу тіркелген күнге

облигация ұстаушылардың тізілімінде тіркелген облигация ұстаушылардың шоттарына ақша (теңгемен) аудару жолымен жүзеге асырылады.

8. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аудару, уәкілетті орган Табиғи монополиялар субъектілері алатын қарыздар бойынша, сондай-ақ "Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту" ұлттық жобасын іске асыру мақсатында жергілікті атқарушы органдар шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша \_\_\_\_\_ сәйкес бекітілген купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі - Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары) сәйкес субсидиялау бойынша бюджет қаражаты болған кезде Эмитенттің шотына қаражат аудару жолымен 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

9. Тараптар осы Шарт шеңберінде, егер төлем күні демалыс немесе мереке күніне келетін болса, төлем одан кейінгі жұмыс күні жүргізілетініне келісті.

#### **2-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

##### **10. Уәкілетті органның құқықтары:**

1) осы Шарттың талаптарына сәйкес купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін көзделген қаражатты Эмитенттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына уақтылы жібереді;

2) субсидиялау жүзеге асырылатын облигацияларды орналастырудан қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде субсидиялауды тоқтата тұрады;

##### **11. Уәкілетті органның міндеттері:**

1) қаражаттың мақсатты пайдаланылуына эмитентке тексеру жүргізеді. Эмитенттен облигацияларды орналастырудан түскен қаражаттың мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттар мен мәліметтерді талап етеді;

2) орталық депозитарийден эмитент туралы, сондай-ақ купондық сыйақы мөлшерлемесін Субсидиялау қағидалары шеңберінде қатысатын облигацияларды орналастыру туралы құжаттар мен ақпаратты сұратады және алады;

3) есепті қалыптастыру мақсатында осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын іске асыру шеңберінде эмитенттен оның қызметінің нәтижелері туралы қажетті мәліметтерді қосымша сұратады;

4) Тараптар үшін көзделген Эмитенттің осы Шартта белгіленген міндеттемелерін орындау мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асырады және оларды Эмитенттің уақтылы орындауын талап етеді.

##### **12. Эмитенттің міндеттері:**

1) Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындайды;

2) купондық сыйақының толық сомасын оны алуға құқығы бар және эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғалардың шоттарына сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Эмитент тіркеушісінің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) уақтылы аударды;

3) Уәкілетті органға жазбаша сұрау салу бойынша облигацияларды орналастырудан түскен қаражаттың нысаналы пайдаланылуына, купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу құқығын береді.

#### 13. Эмитенттің құқығы:

уәкілетті органнан купондық сыйақының субсидияланатын мөлшерлемесінде субсидиялар төлеуді талап етеді.

#### 3-тарау. Шарттың қолданылу мерзімі

14. Осы Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және орындалмаған міндеттемелер бөлігінде – \_\_\_\_\_ жылдың "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қоса алғанда, олар толық орындалғанға дейін әрекет етеді.

#### 4-тарау. Жауапкершілік

15. Осы Шарт бойынша Тараптар осы Шартқа және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.

#### 5-тарау. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

16. Тараптар егер орындаудың мүмкін еместігін еңсерілмейтін күштің, яғни осы жағдайларда төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар және сол сияқтылар) салдарынан болса, осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады,

17. Еңсерілмейтін күш, яғни төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлар туындаған кезде осы Шарт бойынша оның міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап екінші Тарапқа осындай мән-жайлар туралы уақтылы 10 (он) жұмыс күні ішінде хабарлайды. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, қолданылу кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталады.

18. Уақтылы хабарлама болмаған кезде Тарап екінші Тарапқа хабарламау немесе уақтылы хабарламау салдарынан келтірілген зиянды өтейді.

19. Еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және алдын алуға болмайтын мән-жайлардың басталуы осы Шартты орындау мерзімінің олардың қолданылу кезеңіне ұлғаюына әкеп соғады.

20. Егер мұндай мән-жайлар қатарынан 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптардың кез келгені осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартады.

#### **6-тарау. Дауларды шешу**

21. Осы Шарттың орындалуына байланысты туындаған қандай да бір дау туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені барлық дауларды келіссөздер жолымен реттеу үшін күш-жігер жұмсайды.

22. Егер туындаған дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, осы дау және оған қатысты өзге де мәселелер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі және реттеледі.

#### **7-тарау. Құпиялылық**

23. Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты ақпараттың, банктік құпияның, сондай-ақ осы Шартты жасасу және орындау барысында алған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпараттың құпия болып табылатындығына және осы Шартта тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жатпайтындығына келіседі.

24. Тараптың құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруі, жариялауы немесе оны өзге де жария етуі осы Шартта, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда мүмкін болады.

25. Тараптар осы Шарттың болуы мен талаптарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді жария етуге не үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

26. Тараптардың кез келгені осы Шарттың талаптарын бұза отырып құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, кінәлі тарап Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауаптылықта болады.

#### **8-тарау. Қорытынды ережелер**

27. Осы Шартқа қол қою арқылы Тараптар банк, коммерциялық және қызметтік құпияны сақтау бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, осы Шарттың іске асырылуы туралы ақпаратты ашуға өзара келісім береді.

28. Осы Шарттың ережелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізіледі. Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған және

Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана Тараптар үшін жарамды және міндетті деп танылады.

29. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде 2 (екі) бірдей данада қазақ және орыс тілдерінде 1 (бір) данадан жасалды, олардың әрқайсысының заңдық күші тең.

30. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

**9-тарау. Тараптардың заңды мекенжайы, банк деректемесі және қолы**

Уәкілетті орган Эмитент

\_\_\_\_\_

мөр орны мөр орны

\_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Энергетикалық және  
коммуналдық секторды  
жаңғырту жөніндегі ұлттық  
жоба шеңберінде іске  
асырылатын жобалар бойынша  
жергілікті атқарушы  
органдар шығаратын  
мемлекеттік бағалы қағаздар  
бойынша сыйақы  
мөлшерлемесін субсидиялау  
20\_\_ ж " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_  
шартына қосымша

**Субсидиялау шартына төлемдер кестесі**

Сәйкестендіру коды: (IBAN форматындағы бірегей 20 таңбалы код)

| Негізгі қарызды өтеу күні | Негізгі қарыз қалдығының сомасы | Негізгі қарызды өтеу сомасы | Сыйақы сомасы | Эмитент төлейтін сыйақы сомасы | Есепт сыйақы сомасы |
|---------------------------|---------------------------------|-----------------------------|---------------|--------------------------------|---------------------|
|                           |                                 |                             |               |                                |                     |
|                           |                                 |                             |               |                                |                     |
|                           |                                 |                             |               |                                |                     |
|                           |                                 |                             |               |                                |                     |
|                           |                                 |                             |               |                                |                     |

Уәкілетті орган

Эмитент

|    |    |
|----|----|
| МО | МО |
|----|----|

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –  
Ұлттық экономика министрі  
2025 жылғы 12 тамыз  
№ 78  
Энергетикалық және  
коммуналдық секторда  
жаңғырту жөніндегі  
ұлттық жоба шеңберінде  
іске асырылатын жобалар  
бойынша табиғи монополия  
субъектілері алатын қаржы  
сондай-ақ жергілікті атқару  
органдар шығаратын  
бағалы қағаздар бойынша  
сыйақы мөлшерлемесі  
субсидиялау қағидалары  
9-қосымша

Субсидиялауға ұсыныс

Эмитент:

(заңды тұлғаның толық атауы)

Кімге:

(уәкілетті органның атауы)

1. Эмитент туралы мәліметтер

|   |                                              |  |
|---|----------------------------------------------|--|
| 1 | Эмитенттің атауы                             |  |
| 2 | Басшының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) |  |
| 3 | Эмитент туралы мәліметтер: БСН*              |  |
| 4 | Банк деректемелері                           |  |
| 5 | Байланыс телефондары                         |  |

2. Субсидиялауға жататын облигациялық қарыздар туралы ақпарат

| №<br>р/с | ISIN (НИН) * * | Облигациялық<br>сомасы, теңге | қарыз | Купондық сыйақы, % | Облигация<br>мерзімінің |
|----------|----------------|-------------------------------|-------|--------------------|-------------------------|
|----------|----------------|-------------------------------|-------|--------------------|-------------------------|

|   |  |  |  |  |
|---|--|--|--|--|
| 1 |  |  |  |  |
| 2 |  |  |  |  |

Осымен мыналар расталады:

1) қаржы берешегін қайта құрылымдау және жеделдетілген оңалту рәсімін қоспағанда, эмитенттің қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату немесе банкроттық сатысында тұрмайды, сондай-ақ қызмет Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатыла тұрмаған;

2) ұсыныста көрсетілген облигациялық қарыз бойынша купондық сыйақы басқа мемлекеттік және (немесе) бюджеттік бағдарламалар бойынша субсидияланбайды.

Қосымша:

облигациялар шығару бұйрықтарының көшірмесі \_\_\_\_\_ парақта;

облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі \_\_\_\_\_ парақта;

бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдері жүйесінен үзінді көшірме \_\_\_\_\_ парақта.

Эмитент басшысының немесе оның орнындағы адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және қолтаңбасы \_\_\_\_\_

Берілген күні " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20 \_\_ жыл.

Ескерту: аббревиатураларды ашып жазу:

\* БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

\*\* ISIN (НИН) – халықаралық сәйкестендіру нөмірі (ұлттық сәйкестендіру нөмірі).

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
орынбасары –

Ұлттық экономика министрі  
2025 жылғы 12 тамыздағы  
№ 78

Энергетикалық және  
коммуналдық секторларды  
жаңғырту жөніндегі  
ұлттық жоба шеңберінде іске  
асырылатын жобалар бойынша  
табиғи монополиялар  
субъектілері алатын қарыздар,  
сондай-ақ жергілікті  
атқарушы органдар шығаратын  
мемлекеттік бағалы қағаздар  
бойынша сыйақы  
мөлшерлемесін субсидиялау

**Субсидиялауға өтінім**

20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Осымен, эмитент \_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы  
"\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ Келісімге сәйкес 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_  
бастап 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ дейінгі кезеңге \_\_\_\_\_ теңге  
сомасында эмитенттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына субсидиялар төлеуді  
сұрайды.

Эмитенттің басшысы (сенімхат бойынша өкіл)

\_\_\_\_\_  
(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда))